

## **ҰЛТАРАЛЫҚ БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕ – ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ**

*Қазақстан халқының Ассамблеясы Ғылыми-сараптамалық кеңес.*

*Қазақстан халқының Ассамблеясы азаматтық қоғамды топтастыратын институт. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 2009 ж.*

Бүгінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұлтаралық бірлік пен берекені баянды ету жолындағы жүйелі еңбегі әлемдік этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін қалыптастырып отыр. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде қазақ жеріне әр кездері қоныс тепкен 100-ден астам этнос өкілдерінің емін-еркін өмір сүруіне жан-жақты жағдай жасалып, сан алуан мәдени ұйым-бірлестіктер аясында қоғамға пайдалы еңбек етуіне мол мүмкіндік берілді.

Осы бағыттағы Мемлекет басшысының үлкен бастамасы Қазақстан халқы Ассамблеясы дер едік. Өмір тәжірибесі көрсеткендей, осы Ассамблея мемлекеттік дамуымыздың аса шешуші сәттерінде елдік өреден көрінді. Көшелі де салиқалы сөз айта білді. Енді, міне, оның өкілдері заңды түрде ҚР Парламентінен орын алды. Өздеріңізге мәлім, былтыр «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң мұқият даярланып, қос палаталы Парламент сараптамасынан өтіп, Елбасымыздың Жарлығымен 20 қазанда бекітілді. Мұнда еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің басын қосқан ұйымның жаңа қоғамдық үдерістерге сай мәртебесі, қызметі мен мақсаты заңды түрде айқындалған.

Қазақстанның ұлтаралық келісім идеясы қоғамның барлық салаларында, оның ішінде білім-ғылым ортасында ерекше қолдау тапты. Сондықтан ұлтаралық татулықтың жаңа кезеңі қалай дегенде де біліммен, мәдениетпен байланысты болмақ. Мемлекет басшысының бастамасымен өмірге келген «Болашақ» бағдарламасы бүгінде жас қазақстандықтарға сапалы білім берудің жүйесі ретінде ғана емес, ұлтаралық келісім қағидаттарын халықаралық деңгейде нығайтудың жолы ретінде де таныла бастады. Биыл аталған бағдарлама бойынша шетелде білім алуға мүмкіндік алған жастардың саны 3 мыңға дейін жетті. Бүгінде олар өз білімдерін шыңдап қана қоймай, еліміздің білім-ғылым саласындағы өзара ынтымақтастық байланыстарын дамыту ісіне өз үлесін қосып келеді. Бұған қоса республикадағы барлық жоғары оқу орындары шет елдің білім ордаларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, отандық білім-ғылым саласының әлемдік білім кеңістігіне ықпалдасу жолында еңбек етіп келеді. Айтқандайын, былтырдан бері шетелге «Болашақ» бағдарламасымен жас оқытушылар мен ғалымдар да шыға бастады. Маманның пайымы мен тәжірибесі бұрынғы ісімізді толықтыра түспек.

Біле-білсек, осы әлемдік ықпалдасудың әсері ішкі этносаралық татулыққа пайдасын тигізбек. Сонымен бірге ұлттық келісім мен достастықтың жаңа кезеңі, сөзсіз, білім-ғылыммен айшықтала түспек. Жақында ғана Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен білім көрмесі барысында еліміздің іргелі жоғары оқу орындарының

ректорлары Еуропа мен Америка Құрама Штаттарының 30-ға жуық білім беру мекемелерінің басшыларымен өзара ынтымақтастық туралы келісім-шарттарға қол қойды. Осы құжаттар аясында тараптар білім-ғылым саласында өзара тәжірибе алмасып, біріккен ғылыми жобаларға қатыспақ. Осы көрмеде сөз сөйлеген ҚР Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев: «Бүгіннен бастап біз қазақстандық жастарды шетелдің жоғары оқу орындарында жаппай оқытуды қолға алып отырмыз», - деген болатын. Айта кетейік, бүгінгі таңда Болонья шартына қосылған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Жапония, Қытай, Корея және бірқатар ТМД елдерінің студенттері білім алып, ал жас ғалымдар білігін шыңдауда. Олардың кейбірі қазақ тілін үйренуге ден қойып, осы істе айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Міне, осы үдеріс түбі елдік істе, ұлтаралық мәселеде жақсы нәтиже береді деп санаймын.

Қалай дегенде, дамудың басты жетістігі – халықтың бірлігі. Бұл – ақиқатқа айналған қағидат. Осы бағытта елдік жауапкершілік жайы әрқашан есте болуы тиіс. Қазақстан өзінің ұлттық саясатын этносаралық татулық пен дамуды негізге ала отырып жүргізіп келеді. Сондықтан да бізге моно-ұлт елдерінің тәжірибесі дәл келе бермейді. Рас, тәуелсіздікке жеткен елдердің бәрінде ұлттық қозғалыс орасан зор рөл атқарып келді және атқара береді. Алайда ұлттық мүддені қорғаудың екі үлгісі болуы ықтимал. Біріншісі, мүдделер теңдігін түбегейлі және тездетіп өз ұлтының пайдасына бұруға негізделеді. Бұл қақтығыстар туғызуы мүмкін. Ал, екіншісі барлық ұлттардың, этникалық топтардың теңдігін ұстанған эволюциялық дамуға және «Қазақстан қазақтардың әлемдегі жалғыз мемлекеті екендігін» мойындата отырып, халықаралық келісімдерде жергілікті ұлт мүддесінің ерекше қаралатынына көз жеткізуге негізделген.

Этникалық және әлеуметтік қақтығыстар барлық ұлттардың дамуын тежейтіндіктен, біздің ел тәуелсіздігін алғаш алған күннен бастап Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен дамудың екінші жолын таңдап алды. Осы стратегияға сәйкес әрбір ұлт пен этникалық топтың шығармашылық іс-қимылды еркін жүргізуіне жағдай қарастырылды. Олардың ұлттық мәдениетінің, тілінің, салт-дәстүрлерінің толыққанды дамуына жалпыадамзаттық дамудың бір бөлігі ретінде қарау орнықты.

Мұның өзі қазақ ұлтымен бірге басқа ұлттық-этникалық топтарды ел бірлігі мен экономикасын, ғылымы мен мәдениетін, әлеуметтік салаларын дамытуға жұмылдырып отыр. Өйткені қазақ ұлты мемлекеттегі ең ірі этнос ретіндегі парасатты саяси-мәдени жұмысты басқа этнос өкілдерімен бірлесіп атқарып келеді. Осы түсінушілік пен келісім Қазақстанды жаңғыртатын және құқықтық-демократиялық қоғам қалыптастыруға мүмкіндік беретін тұрақтандырушы факторға айналып отыр.

Сонымен қатар қазақ халқының мемлекеттілікті, тілді, мәдениетті дамыту жөніндегі қызметін елдегі басқа этностар парасатты талап деп, ұлттық борыш, ар-намыс деп бағалап келеді. Біз осыны елдік жауапкершілікке балаймыз.

Әлбетте, елдік ауызбірліктің негізі – сенім мен парасат. Өз басым осы екеуін адал еңбек пен қарапайым жауапкершіліктен бөліп қарамаймын. Еліміздегі қазақ ұлты маңайына топтасқан этникалық топтар арасындағы достық пен ауызбірлікті Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қашан да Қазақстан дамуының басты жетістігі ретінде қарауы соның жарқын мысалы болып табылады.

90-жылдардың елең-алаңында, ұстарамыздан жүз кетіп, ұлтанымыздан су өтіп, ұнжырғамыз түскен жылдары есімізді жиып, ұпайымызды түгендей бастаған тұста мемлекеттің темірқазығын басқа жерден қағу туралы ой кімнің басына келіп еді? Ақиқатын айтар болсақ, ол кезде тәуекелге бекінгендер халықтың тым санаулы пайызын құрады. Десек те қазақ елінің тарихындағы бірегей тәуекел құжат 1997 жылы 20 қазанда қабылданды. Дәл осы күні жарияланған Елбасы Жарлығында: «Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялансын. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін» делінді.

Ойлана қарасақ, жаңа ғасырдағы жаңа елорда сол елдік ауызбірліктің, мемлекетшілдіктің жаршысы сыңайлы еді. Мұны Елбасымыз: «Астананың тарихы тәуелсіз Қазақстанның шежіресінде алтын әріппен жазылады. Астана – еліміздің азаттық алған жылдарынан бергі ең басты табыстарының бірі. Елорда мемлекетіміздің әрі қарайғы дамуына үлкен серпін қосқан қала. Астана аз уақыт ішінде еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өмірінің орталығына айналды. Бүгінгі технологиялардың ғана қаласы емес, ол қарапайым адамдардың, олардың ақылы мен жүрегінің ұйытқысы» деп орайлы атап көрсетіпті.

Береке-бірлікке бастау болған мемлекетшіл рухтағы Астана бейбітшілік пен этносаралық үйлесімділіктің жақсы үлгісін жаһанға жария етті. Қазақстандағы, оның ішінде елордадағы бейбітшілік пен келісімге, ынтымақ пен ырысқа қызығып қараушылар көбейді.

Ресми билікпен қоян-қолтық жұмыс жасап жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері өз қанына бұра тартпай, еліміздегі этностардың кез келген мәселесін орайлы, жүйелі шешіп жатқандығы да жаңа елордадағы этносаралық үйлесімділік пен түсіністікке дәлел болса керек. Астана «бөлінгенді бөрі жейді» деген қанатты қағиданы басшылыққа алады.

Енді аз-кем тіл мәселесіне ойыссақ. Мемлекет басшымыз «Қазақ тілі – Қазақстан халқын ұйыстырушы фактор» деген ойлы тезис айтты. Осыны елімізді мекендеген басқа этностар түсіністікпен қабылдады. Конституциямызда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп жайдан-жай жазылған.

Бір қызығы, «Тіл – қатынас құралы, ұлттың жаны» деген анықтаманы мамандарды былай қойғанда, қарапайым жұртшылық та біледі. Адам қатынас жасағанда тек ақпарат беріп қана қоймайды, сол ақпарат туралы өзінің көзқарасын да білдіреді. Демек, сөйлеп тұрған тілі арқылы ол өзінің қуанышы мен сүйінішін де жеткізеді. Ал сөйлесіп тұрған бірнеше адам бір тілде сөйлеспесе, олардың бірін-бірі түсінуі қиын, сол секілді пікір алысып тұрған тілді сол адамдардың барлығы еркін білсе, түсіністік жеңілдеп,

адамдардың арасы да жақындай түседі. Қазақ тіліндегі «тіл табысу» деген тұрақты тіркестің мағынасы осындайдан келіп шықса керек. Кейіннен ол бір мәмілеге келу дегенді білдіретін болған. Шындығында, бір тілде сөйлейтін адамдар бір-бірімен тез тіл табысады. Жекелеген адамдар арасынан басталып, бүкіл қоғамдағы татулықтың өзегіне айналатын тіл қашанда мемлекеттік саясаттың бір тарауы ретінде саналатыны сондықтан.

Елімізде бұл мәселе қазіргі кезде құқықтық-нормативтік тұрғыдан жолға қойылған: Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» және «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы...» деп көрсетілгенде, осындай өмірлік тәжірибе басшылыққа алынғаны белгілі. Ал заң талаптарын орындау – Қазақстан азаматтарының парызы. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы еліміздегі барлық ұлттардың өз тілін дамытуына мүмкіндік жасауды көздейді. Соның ішінде елімізде тұрып жатқан барша ұлттардың ортақ тіл табысуы үшін, оларды ұйыстырушы фактор ретінде мемлекеттік тілге ерекше мәртебе беріп отыр. Заңның 23-бабындағы: «Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңімен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі» деген жолдар осы мақсатқа құрылған. Ал «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» көздегені – «мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; этникалық топтардың тілдерін дамыту». Мемлекеттік тіл қолданысының кеңеюіне барша қазақстандықтар мүдделі болып отырған қазіргі таңда заң талаптарын басшылыққа ала отырып, оны дұрыс жүзеге асырудың жолдарын қарастыруымыз керек.

«Тілі бірдің – ділі бір» дейді халық даналығы. Діл деп жүректі айтамыз. Әркім жүрегінің қалауымен өмір сүреді, әсіресе демократияға бет бұрған біздің елде азаматтарды тілі мен дініне қарап алалаушылық мүлде кездеспейтін құбылыс. Қалағанынша өмір сүруге құқылы. Ал мемлекетті және мемлекеттік тілді құрметтеу әркімнің парызы ретінде белгіленген; өйткені заң талаптарын орындау арқылы ынтымағымызды нығайтамыз, болашағымыздың мұнан да жақсара түсуіне қызмет етеміз.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті - 11 мыңнан аса оқытушы, қызметкер, докторант, магистрант, студенттің басын қосқан ұжым. Оның үстіне оқу ордамыздың «еуразиялық» мәртебесі де, миссиясы да бар. «Тілдің үштұғырлығы» деген жаңа ұғымға және өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін жетік меңгерген тәжірибесіне біз өте ықыласпен қараймыз.

Осы «тілдің үштұғырлығы» деген ұғымның мәнін айта кетейік. Орысшалағанда оны «үшбірлігі» деп жатамыз. Дәл қазір Қазақстан жастары ағылшын тілін өте жақсы, орыс тілін жақсы білуі тиіс. Неге десеңіз, біздің қоғамда орыс тілін білмейтін адам кемде-кем. Біздің ғылымымыздың үлкен бастауы орыс тілінде. Тіпті қазіргі жаңашыл ғылыми әдебиеттің көбі орыс тілінде. Осы байлықтан қалай жеріміз?

Ал, ағылшын тілі – бүгінгі және келешектегі біздің әрі өрісіміз, әрі әлеуетіміз. Мұны жастарымыз жақсы түсініп те отыр.

Қазақ тіліне келсек, ол – ұлттығымыз бен елдігіміздің рәмізі. Оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек, ең асыл нәрсеміз екенін сезініп қорғауымыз керек.

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде мемлекеттік тілді дамыту мәселесі жан-жақты жолға қойылған. Ресми іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру жұмыстары бойынша біршама жұмыстар қолға алынып жатыр. Қазіргі кезде университет қызметкерлерінің 90 пайыздан астамы қазақ тілін білетіндіктен, іс қағаздарын жүргізуге мүмкіндіктері жеткілікті. Жұмыс барысында туындап жататын түрлі қиындықтардан шығу үшін көмекші құрал ретінде пайдалануға арналған «Жоғары оқу орындарындағы ресми іс қағаз үлгілері», «Орысша-қазақша сәйкестендіре іс жүргізу» атты арнайы әдістемелік құрал дайындалып ұсынылған және университеттің деканаттары мен кафедраларына, сонымен қатар басқа да құрылымдық бөлімшелеріне оның электрондық нұсқасы берілді. Оған қосымша, мемлекеттік тіл бөлімі мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселесін университет бойынша үнемі назарында ұстап отырады. Университет жанынан «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы» ашылды. Ал 2007 жылдың ақпан айынан бастап университеттің 60 оқытушысы мен қызметкері Мемлекеттік тілді оқыту орталығында оқып, тиісті куәлік алып шықты. Жаңа ашылған орталықтың оқыту бағдарламасы баспадан жарық көріп, қолданысқа берілді.

Жыл сайын орыс бөлімі студенттері арасында түрлі сайыстар мен конкурстар өткізіліп тұрады. Бір ғана мысал, «Тіл апталығы» мерекесі барысында университетіміздегі барша ұлт өкілдері қазақ тілінде ғана сөйледі. Әсіресе, қала бойынша өткізілетін жарыстардан жүлделі оралып, мақтанышымызға айналған тарих-филология факультетінің студенті Липина Татьяна, экономика факультетінің студенті Фомич Оксана өзге ұлт өкілдері арасынан мемлекеттік тілде сөйлеудің үздік үлгісін көрсетіп жүр. Жақында өткен тіл апталығында байқағанымыз, қазақ тілін еркін меңгерген студенттер арасында өзге этностардың 39 өкілі бар болып шықты. Бұл – өте жақсы үрдіс.

Қазақ тілін жақсы меңгерген өзге тілді жастарымызды мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту бағытындағы жұмыстарға тарту мәселесі де ойымызда бар. Осы ретте «Алтын орта» атты ұйым құруды жоспарлап отырмыз. Қазіргі кезде ұйым бағдарламасы мен жарғысының жобасы дайындалып жатыр.

Айтқандайын, ЕҰУ-да Қазақстанды мекендеген 17 ұлт пен этностың өкілдері тату-тәтті өмір кешіп, оқу оқып, жұмыс істеуде. Осылардың ішінде түрлі ұлттық мәдени ұйымдарда (мысалы, кәріс, неміс, славян, әзірбайжан, украин т.б. ұлттардың мәдени орталықтарында) абыройлы жұмыс істеп жүрген азаматтар да бар. ЕҰУ жанында бірнеше жылдан бері «Школа русистики» деп аталатын қоғамдық-ағартушылық бірлестік қызмет атқарып келеді. Сондай-ақ университетімізде украинның «Оберег», армянның «Ван»,

қырғыздың «Қырғызстан-Астана» қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп өткізілген мәдени шаралар студенттерімізге ерекше әсер етті.

Еуразияшылдық деген – Еуразия өңіріндегі халықтардың тілін де, мәдениетін де жақсы білу, меңгеру деген сөз. Біз еуразияшылдық миссиясын өмірде де ұстанбақпыз. Осы орайда қарым-қатынас құралы ретінде әр тілдің өз орны бар екенін жақсы білеміз.

Елдің орнықты дамуы қалай дегенде ұлтаралық келісім мен татулыққа байланысты. Бірлік пен береке сонда ғана орнайды. Қазақстан – осыған қол жеткізген ел.